

Павлодар қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы "Павлодар қаласы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 373/6 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 24 шілдедегі № 891/14 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 тамызда № 4656 болып тіркелді. Күші жойылды - қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты (Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы N 2314/1-06/191 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты (Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 29.02.2016 N 2314/1-06/191 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1)-тармақшасына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы "Павлодар қаласы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 373/6 қаулысына (2015 жылғы 8 шілдедегі № 4420 "Версия" газетінде жарияланған, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде тіркелген) келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген қосымшаға:

13-жолда 4- бағанда "38563" сандары "39108" сандарына ауыстырылсын;
24-жолда 4-бағанда "50996" сандары "51694" сандарына ауыстырылсын;
38-жолда 4-бағанда "71817" сандары "72361" сандарына ауыстырылсын;
41-жолда 4-бағанда "25693" сандары "24635" сандарына ауыстырылсын;
55-жолда 4-бағанда "32973" сандары "34246" сандарына ауыстырылсын;
63-жолда 3-бағанда "220" сандары "200" сандарына ауыстырылсын;
63-жолда 4-бағанда "31611" сандары "35993" сандарына ауыстырылсын;
70-жолда 3-бағанда "193" сандары "180" сандарына ауыстырылсын;

70-жолда 4-бағанда "18540" сандары "19879" сандарына ауыстырылсын.
Жоғарыда келтірілген қосымшаны 97-жолмен осы қаулыны қосымшаға сәйкес толықтырылсын.

2. "Павлодар қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулының ресми жариялануын қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Б. Бақауов

Павлодар қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "24" шілдедегі
№ 891/14 қаулысына
қосымша

| | | | | |
|----|---|-------------------------------|-------|---|
| 97 | Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің "Павлодар қаласының № 54 сәбилер бақсашы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны | 3 2 0 (республикалық бюджет) | 18835 | 3 жасқа дейін – 8173 3-тен 7 жасқа дейін - 9577 |
|----|---|-------------------------------|-------|---|